

XFTAP 16.21.25

Н.Г. Шаймердинова, Б.С. Жиёмбай, А.Е. Абдрасимова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: nurila1607@mail.ru, zhiembai_bibigul@mail.ru,
aziza_dikhanbayeva@mail.ru)

Қазақстандағы гагауз диаспорасы тілінің ерекшеліктері

Андатпа. Мақалада Қазақстанды мекендеген гагауз диаспорасы тілінің ерекшеліктері қарастырылады. Гагауз тілі ғасырлар бойы генеалогиялық және типологиялық жағынан туыс емес тілдермен аралас-құралас өмір сүріп келе жатса да, түркі тілдеріне тән өзіндік құрылымын сақтап қалған тіл ретінде танымал. Бүгінгі күні гагауз тілі жоғалып бара жатқан тілдердің санатына жатқызылып жүр. Десе де түркі халықтарының бірі ретінде танымал гагауздар тілінің ерекшелігі неде, әліпби жүйесі қандай графикаға негізделген, мақала барысында осы тұстарға шолу жасалады. Сонымен қатар мақалада Қазақстандағы диаспоралар өкілдерінен, соның ішінде гагауз ұлты өкілдерінен жазылып алынған аудиожазбалар негізінде тілдік ерекшеліктер жүйелі талданады.

Түйін сөздер: гагауз, диаспора, тіл, ерекшелік, фонетика, әріп, әліпби.

<https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-132-140>

Кіріспе. «Егер менің тілім ертең өлсе, мен бүгін өлуге дайынмын». Дағыстан ақыны Расул Ғамзатовтың бұл сөзі ғасырлар өтсе де, өзіндік мәнін жоймай келеді. Өйткені тілі бар ұлттың қашан да мәртебесі жоғары. Көпшілігіміз Қазақ елін мекендеген гагауз халқы туралы хабардар болғанымызбен, гагауз тілі, қолданыстағы әліпбиі, тілдік ерекшелігі туралы біле бермейміз.

Гагауздар бүгінде Болгария, Бразилия, Канада, Түркия, Ресей, Румыния, Өзбекстан, Түрікменстан, Латвия, Белоруссия, Латвия, Эстония, Грузия, Қазақстан сынды мемлекеттерде өмір сүріп жатыр. Әлем бойынша гагауз тілінде сөйлеушілердің саны шамамен 148 мыңнан астам адамды құрайды.

2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) гагауз тілін жоғалып бара жатқан тілдер санатына қосты. Жыл сайын 27 сәуірде, гагауз ағартушысы М. Чакырдың туылған күніне орай, Гагаузияда гагауз тілі мен жазуы күні атап өтіледі.

Гагауз тілі лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы жағынан түркі тілдерінің оғыз тобына, оғыз-бұлғар топшасына енген, оғыз-селжүк (әзербайжан, түрік тілдері) және оғыз-түрікмен (түрікмен, турхмен) топшаларымен біріге отырып, түркі тілдерінің оңтүстік-батыс немесе оғыз тобын құрайды [1].

Гагауздар тілі туралы ғылыми мақалалар алғаш рет орыс этнографы В.А. Мошков еңбектері арқылы XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында көріне бастады [2]. Мәтіндерді жазып алуда ол Ғылым академиясының кириллицаға негізделген әліпбиін қолданған. Әліпби келесі белгілерден тұрған: *а, б, в, г, д, е, ж, з, ж, і, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, ы, ы, з, l, h, ā, ē, ī, ō, ū, ы, ö, õ, ŷ, ä, ä.*

Гагауздар түрлі уақыттарда әртүрлі әліпби қолдануға мәжбүр болған: 1918 жылдан 1932 жылға дейін кирилл әліпбиін, 1957 жылға дейін латын әліпбиін қолданған. Гагауз әдебиетінің дамуында Михаил Чакырдың үлкен рөлі болған. 1909-1914 жылдар аралығында М. Чакыр гагауз тіліне Киелі кітапты, шіркеу тарихын және псалмаларды аударады. Ол орыс тіліне айтарлықтай жақын әліпбиді пайдаланады. Ол әліпбиде *щ* әрпі болмады және

қосымша әріптер мен диграфтар пайдаланылды: *дж, і, аа, еѐ, оо, ии, ыы, юю*.

1932-1938 жылдары гагауздардың мекен ету ортасы Румынияға қарасты болғанда М. Чакыр румын тіліне негізделген латын әліпбиін қолданып, еңбектер жариялады.

1957 жылы Молдова Кеңес республикасының Жоғары комитетінің шешімімен орыс әліпбиіне бірнеше әріп қосылып, кирилл негізінде гагауз әліпбиі дайындалған. 1996 жылдан кейін қайтадан латын әліпбиі қолданыла бастаған.

Н.К. Дмитриев гагауз тілінің фонеткасын жан-жақты сипаттап, өзге түркі тілдерінен (бірінші кезекте түрік тілінен) ерекшелеп тұратын морфология мен синтаксисіне қатысты жайттарды да зерттеді [3]. Ғалымдар тарапынан гагауз тіліне қызығушылық оянып, кейіннен гагауз тілінің академиялық сөздігі, гагауз тілінің грамматикасы жазылды [4].

Л.А. Покровская гагауз тілін мынадай кезеңдерге бөліп қарастырады:

«Балқан» кезеңі (17-18 ғғ.) – Балқандағы гагауздардың тілі жергілікті бұлғар, түрік, грек, албан және басқа да балқан тілдерімен тығыз қарым-қатынаста дамиды.

«Буджак» кезеңі (19 ғасырдан қазіргі уақытқа дейінгі кезең) ішінара мынадай кезеңдерге бөлінеді: 1) «бессараб» кезеңі (19 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың басы), гагауз тілінің орыс, молдова, украин тілдерімен сіңісіп дамуымен байланысты; 2) «румын» кезеңі (20 ғасырдың 20-30 жылдары), гагауз тіліне румын мемлекеттік тілінің етене әсерінің болуымен байланысты; 3) кеңес кезеңі (1945-1991 жж.), гагауз жазба тілінің қалыптасуына орыс әдеби тілі ықпалының болуы; 4) молдава кезеңі (с 1992 жылдан) [5].

Қазіргі таңда гагауз халқы гагауз тілінің әліпбиі ретінде латын графикасына негізделген төмендегі әліпбиді пайдаланып жүр.

1-кесте

Гагауз әліпби жүйесі

Aa	Ăă	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Êê
Ff	Gg	Hh	Iı	İi	Jj	Kk	Ll
Mm	Nn	Oo	Öö	Pp	Rr	Ss	Şş
Tt	Țț	Uu	Üü	Vv	Yy	Zz	

Әр тілге диалект (говор) секілді құбылыс тән. Бұл жергілікті аумаққа байланысты қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы болып табылады. Қазіргі таңда гагауз тілінің екі негізгі диалектісі қолданыста бар: чадырлунг-комрат (орталық) және вулканештік (оңтүстік), аралас, ауыспалы говорлары да кездеседі. Балқан түбегінде диалектілер саны мол және әр алуан. Бұл көпшілік жағдайда гагауздардың әр түрлі мемлекеттерде өмір сүруіне тікелей байланысты деп білеміз.

Зерттеу әдістері мен дереккөздері. Фонетикалық жүйедегі гагауз тілінің негізгі ерекшеліктеріне келесі құбылыстар сай келеді: тіл алды, тіл ортасы дауыстыларының дифтонгизациясы, қайталама созылыңқы дауыстылардың қызметінің жүруі, тіл алды дауыстыларының қатысуымен дауыссыздардың негізгі корпусының қарқынды палатизациялануы; синтаксисте түрік тілінен басты айырмашылығы – сөйлемдегі сөздердің еркін орын тәртібінің болуы. А.С. Аманжолов гагауз тілінің тілдік жүйесін түрік тілімен жақын деп қарастырады. Олардың бірқатары мынадай өзгерістер:

1) *ә* дауыстысы екпін түспеген жағдайда *е* дыбысына ауысады: *бән* (мен) – *бени* – (мені), *гежә* (түн) – *гежеләр* (түндер) және т.б. Алайда осы құбылыс чадырлунг және комрат говорларында кеңінен көрініс тапқанын атап өту керек;

2) *е, и, ө, ү, ә* алдыңғы қатар дауыстылары сөз басында кейде қос дыбыс ретінде айтылады: *йев* – үй, *йөрдек* – үйрек, *йүст* – үсті;

3) *ө, о* дауыстылары бірінші буында дифтонг *уо, үө* түрінде айтылады: *уон* – он, *уонун* – оны, *сүөйды* – сөйледі;

4) (*а*)*йор, -ыйр, -ийр, -эр, -йар, -ый, ий* говорлары ретінде танылған осы шақтың бірнеше формасы кездеседі: *алэр* – алар, *ойнаээр* – ойнар, *гөрер* – көрер.

Е және *ä* дыбыстарын аллофондар деп есептеуге болады. Г.Дерфер Н.К.Дмитриев материалдарына сүйене отырып, келесідей ережеге сүйенеді:

е бірінші буында кездеседі, ал *ä* екпін түсетін бірінші емес буында, екпін түспейтін соңғы буында кездеседі. Бұл ережеге 1, 2 жақ жекеше түрдегі *бән, сән* есімдіктері бағынбайды. Л.А. Покровская да осы ережені қостайды [5].

Шығыс бұлғар диалектілері секілді, сөз басындағы, бір буынды сөздердегі *ä, ö* дауыстыларының созылықтылығы гагауз тілінде сақталған, бұл гагауз тілінің көне оғыз жүйесінен бастау алатын жеке оғыз тілінен тарағандығын растай түседі. Мәселен, *äç* (аш, қарны аш), *ärd(t)* (арты), *äry* (ара), *äd(t)* (ат, есім), *äz* (аз), *jäz* (жаз), *kär* (қар), *börç* (борыш), *böz* (боз, бозару), *töz* (тозан) [6].

А.С. Аманжоловтың көрсетуінше, морфологиялық жүйесі бойынша гагауз тілі оғыз тобы тілдерінің грамматикалық формалары мен грамматикалық категорияларын тасымалдаушылардың бірі ретінде саналады, бұған қоса славян тілдерінің, орыс тілінің әсеріне ұшыраған:

Славян тілдерінен енген *-ка, -йка* қосымшаларының болуы: *врачка* – дәрігер-әйел, *чингенейка* – цыганка, *булгарийка* – болгарка, *чорбажыйка* – хозыйка;

(*й*)*лан, (й)лән, (й)нан, (й)нән* (түрік әдеби тілінде *-іле, -ла, -ле*) септеуліктерінің болуы: *алмайлан* – алмамен, *екмеклән* – нанмен, *чобаннан* – шабанмен, *чизмемнән* – етігіммен, *оннар чыкыйнан* – олар шыққаннан;

8) славян тілдерінің әсерінен сөйлемдегі түркі сөз тәртібі өзгеріп, гагауз тіліндегі инверсия құбылысы стилистикалық жүйе түрінде көрініс табады [7, с.24-30].

Тілдің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейіндегі көрсетілген ерекшеліктер біздің пайымымызша, қазақстандық гагауздардың да сөйлеу жүйесіне де тән. [8, с.33-42].

Гагауз тілінің негізгі сөздік қоры – *түркілік*. Алайда гагауз тілін өзге тілдердің ықпалына ұшырамаған таза тіл деп айту қиын. Тарихи жағдайларға байланысты, көршілес елдердің ықпалына қарай гагауз тілі оғыз лексикасымен қатар, кірме сөздер есебінен толығып отырды.

Гагауз тіліне енген кірме сөздердің дені *араб-парсы сөздері*: *adam* (адам, ер), *dünnä* (дүние, әлем), *kurban* (құрбан; құрбандық шалу), *vatan* (отан), *hava* (ауа), *avşam* (акшам) және т.б.

Болгар, украин, орыс тілінен енген кірме сөздер: *unuku* (немере), *maşına* (машина), *matu* (ана), *babu* (әже), *garmon* (гармон).

Румын тілінен енген сөздер: *armata* (әскер), *primar* (мэр), *hirleţ* (күрек), *furkuliţa* (шанышқы), *prost* (жаман, нашар), *juridik* (юстиция, заң).

Грек тілінен енген сөздер: *fasülä* (бұршақ), *yortu* (мереке), *ayoz* (қасиетті), *stavroz* (крест) [9].

Гагауз тілінде румын және славян тілдерінің ықпалы айқын сезіледі, Қазақстанды мекендеген гагауздардың тіліне де орыс тілінің ықпалы бірқатар кірме сөздерді әкелді.

Тарихи деректер жүйесінде гагауздар саяси, әлеуметтік жағдайларға байланысты тұрғылықты мекенін жиі өзгертуге мәжбүр болған. Түркі (қыпшақ) тайпаларының Дунай өзені бассейнінің батысына қарай қоныс аударуы салдарынан, гагауздар Болгария, Румыния жеріне қоныстанған. Шығыс Еуропаның бірқатар аумағында құрылған Осман империясының қолайсыз саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайына байланысты гагауздардың басым бөлігі XVIII-XIX ғасырларда Болгарияның солтүстік-шығысына,

қазіргі Молдавия аумағына қоныс аударуға (әсіресе 1828-1829 жылдардағы орыс-түрік соғысынан кейін) мәжбүр болды.

Гагауздар біртіндеп Украинаның оңтүстік аудандарына, Қырым мен Кавказға қарай жылжып, қоныстана бастады. 1908-1914 жылдардағы Столыпин реформасынан кейін колонияға айналған гагауздардың бір бөлігін Патшалық үкімет Қазақстанға қоныс аудартып жіберді. 1926 жылы жүргізілген бүкілодақтық санаққа сәйкес Қазақстан аумағында 830 гагауз тіркелген [10, С.80-87]. А.С. Аманжоловтың пайымынша, XX ғасырдың алпысыншы жылдарында Қазақстан аумағында гагауздар бірнеше ондаған адам болып негізінен Семей облысында (Көкпекті ауданының Романовка, Прохладное, Ивановка, Буконь ауылдарында, Жарма ауданының Георгиевка ауылында, Шар, Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарында), сондай-ақ Ақтөбе, Целиноград, Қостанай, Павлодар облыстарының кейбір жерлерінде тұрған. Жекелеген гагауз отбасылары Қазақстанның өзге облыстарында да, сонымен қатар Өзбекстанның Ташкент облысында да тұрып жатыр [11].

Қазіргі уақытта егемен Қазақстанда гагауздар Алматы, Астана, Павлодар, Түркістан қалаларында, Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында тұрып жатыр. Республикадағы көші-қонға жеке отбасылық жағдаяттар (отбасын құру немесе Қазақстан Республикасындағы жұмыс бабы) себеп болып отыр. Қазақстан Республикасында жүргізілген 2009 жылғы соңғы халық санағы мәліметтеріне сәйкес елімізде 493 гагауз тұрады.

Нәтиже мен талқы. Қазақстанда тұратын гагауздар тілі гагауз әдеби тілінің қазақстандық диалектісіне жататындығы белгілі. Жүргізілген сауалнама негізінде қазақстандық гагауздардың 100%ы гагауз тілін ана тілі деп есептейді. Көбіне ол отбасылық туыстық қарым қатынаста, ауызекі сөйлеу тілінде және аға буын арасында жиі қолданылады. Кіші буын үлкендердің сөзін ұғады, кішігірім сөз тіркестері мен сөздерді гагауз тілінде айта алады. Қазақстандық гагауздардың тілі қазақ және орыс тілдерінің әсеріне түскен, бұл қоршаған орта, білім алуға тікелей байланысты, десе де оғыз тілдеріне тән жіктелім белгілерін сақтап қалған. Мұны біздің жобамыздағы далалық зерттеу жұмыстары растай түсті. Мысал ретінде Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданы, Романовка ауылында тұратын Стефанида Николаевна Виничуктың аудиожазбасын ұсынамыз:

1-аудиожазба.

-Nikogo netu. Na rybalku uehali vse.(Никого нету. На рыбалку уехали все.)

-Baba gitti.(Папа уехал. Папа кетті.)

-Baba gitti. Nu tak. Nu takiye dela. Aq salatay. Aha. Koy. Balık pişti. Koy biraz ladım. Stolda süt çıkar. Salata çıkar. Aha. Nu davay. (Папа уехал. Ну так. Ну такие дела. Открой салат. Ага. Поставь. Рыба готова. Положи немного. Поставь на стол молоко. Салат поставь. Ага. Ну давай.)

2-аудиожазба.

-Kim ba(r) evde?(Кім бар үйде?)

-Kimse yok. Yalnız.(Ешкім жоқ. Жалғыз. (Никого нет. Одна.))

-Ufakla(r) yok mu?(Маленьких нет? Ұсақ балалар жоқ па?)

-Ufakla(r) yok. Kocam gitti. (Маленьких нет. Муж уехал. Ұсақ балалар жоқ. Күйеуім кетті.)

-Aa..(Aa..)

-Sen hozyain da. Aa..Tet Nina gelmedi me? (Ты хозяйка да. Аа..Тетя Нина не пришла? Сен қожайынсың, ия. А... Тет Нина келмеді ме?)

-Yok gelmedi. Kimseyi bilmisin. (Нет не пришла. Никого не знает. Жоқ, келмеді.)

-Yok. (Нет. Жоқ)

-Ufakla(r) evde? Gelin evde? (Дети дома? Невеста дома? Ұсақ балалар үйде ме? Келін үйде ме?)

-Aa..(Aa..)

-Bugün subбота. Nu ladno togda. Davay. Poka. (Сегодня суббота. Ну ладно тогда. Давай. Пока.)

Аудиожазба информанттың гагауз тіліне қазақ, орыс тілдерінің араласқанын айғақтай түседі, нәтижесінде диалог үш тілде – гагауз, қазақ, орыс тілдерінде өрбіген. Гагауз лексемалары: *aç evde, yok, yalnız, ufakla(r), kocam, kimseyi* «никто», *gelmedi, gitti, gelin*. Қазақ лексемалары: *bar, sen, bilmisin, kim, baba, koy, bugün, balık*. Орыс сөздері: *Nikogo netu. Na ribalku uehali vse. Nu tak. Nu takiye dela. Nu davay. ...hozyain da. Aa..Tet Nina. ...subбота. Nu ladno togda. Davay. Poka*. Диалог көрсетіп отырғандай, информант өз сөзінде өз ана тілі гагауз тіліндегі сөздерді де, орыс тіліндегі сөйлемдерді де, қазақ тіліндегі жеке сөздерді де қолданып отыр. Гагауз тіліндегі сөз қолданыстарына тоқталып өтейік.

Kimse yok. Yalnız.

Йотированный тіл ортасы *j* (Үу) дауыссызы көне оғыз, көне түркі тілдерінен бастау алады: *jer* «жер», *jol* «жол», *jolta* «жолда», *jemiš* «жеміс», *juz* «жүз», *jalan* «жалаң», *jumčak* «жұмсақ», *jaš* «жаз». Қазіргі оғыз тілдері анлаутта толықтай алғанда *j* сақтап қалған, мәселен *jok* «жоқ» турец., гагауз., азербад., *jök* түркмен тілінде. Кейбір қыпшақ тілдерінің солтүстік топшасындағы тілдер де, атап айтқанда башқұрт және татар тілдері дәл осы дауыссыз *j*: *jol айтылып жүр*: Ал басқа қыпшақ тілдер тобында *j > ž*: ауысуы байқалады: *жол* қаз., каракалп.; *жул* қырғыз тілінде.

Baba gitti. (Папа уехал. Папа кетті.)

Көне түркі тілдеріне тиісті жазба ескерткіштерде *аба, ава* сөздері «предки, прародитель, сондай-ақ *ама, ана*» мағынасында қолданылған. Демек аба сөзі «арғы ата» мағынасынан «ата-ана» мағынасына ауысып, кей тілдерде жасы үлкен адамдарға қатысты пайдаланылатын болған. М.Қашқари сөздігінде аба сөзі де қолданылып, оғыз тіліндегі нұсқасы ретінде көрсетілген. Бұл туралы түркітануға қатысты оқу құралында төмендегідей түсінік берілген: «Моңғол тілінде *ав* сөзі *әке* мағынасында қолданылады. Көне моңғол тілінде бұл сөздің *ава* түрі де кездеседі. *Аба* сөзі хакас, қырғыз, алтай, татар, башқұрт, түрікмен тілдерінде де бар. В.В. Радлов *аба* сөзінің «отец, предок, дядя со стороны отца, старший брат» мағыналарын көрсетеді» [12]. Қазіргі түркі тілдерінде *ама* сөзі эзербайжан, башқұрт, каракалпак, қырғыз, татар, түрікмен, ұйғыр тілдерінде көне түркі тілімен ұштасып *ама* түрінде қолданылса, түрік, гагауз тілдерінде «әке, ата» мағыналарындағы *баба* сөзі орын алған.

Gitti-ketti (kemmi) сөзіндегі *k* дыбысының сөз басында гагауз тілінде *g* ұяң дыбыс ретінде ұшырасуы оғыз тобындағы тілдерде (эзербайжан, түрікмен, түрік) кездесетін құбылыс деп қарастырамыз. *E* фонемасы қазіргі түркі тілдерінде екі түрлі негізде қалыптасқан: таза түркілік *e*, орыс тілі арқылы енген сөздер құрамындағы *e*. Түркі тілдерінің барлығына ортақ байырғы сөздердің бірінші буынында кездесетін *e* дауыстысы көне түркілік *ä* дауыстысының көрінісі. *E* фонемасының өзгерісі *ket-git* сөздері арқылы көрінген [13, 29 б.].

Stolda süt çıkar. – Столға сүт шығар.

Stolda сөзінде бір жағынан орыс тілінің, екінші жағынан қазақ тілінің ықпалы байқалады. Сөз қолданушысы *stol* орыс сөзіне *-da* түркі флексиясын жалғайды. Бұған қоса шығыс септік орнына барыс септігін пайдаланады. Тілдің тарихи дамуы барысында жатыс септігі көп функциялы болып келеді: шығыс септігінің де, барыс септігінің де қызметін атқарған [14]. Информант *çıkar* сөзін қолданады, бұл оғыз тілдеріне тән құбылыс, ал қазақ тілі секілді қыпшақ тілдер тобында анлаутта *š* дыбысы қолданылады, сол себепті қазақ тілінде бұл сөз шығар формасында қалыптасқан.

Kim ba(r) evde? – Кім бар үйде?

Ev (*de* – жатыс септігінің аффиксі) лексемасы көне түркіде *eb* «жилище» (*ev < eb*), мағынасы қазіргі гагауз, түрік тілдерінде сақталған, бірқатар фонетикалық өзгерістерге

ұшыраған. Қыпшақ тілдерінде өзгеше айтылады (қазақ тілінде үй).

Көне түркі тілінде *eb* тұлғасында болған бұл сөз орта ғасырдың алғашқы кезеңдерінде-ақ *e < y* және *b < v // φ // й* алмасулары болған. Информант *evde* сөзінде оғыз тілдеріне тән *v (e)* фонемасын қолданады. Көне оғыз және оғыз тілдерінде *b* ұяң дыбысының *v (b > v)* дыбысына тарихи ауысуы байқалған. Бұл әсіресе бір буынды сөздерді ұшырасқан, ал гагауз, әзербайжан, қырым татарлары тілінде бұл ауысу *r* және *l* түбірлері арқылы өрбіген [6, 50, 52, 55 бб.]. Мәселен, *ev* «дом, үй», *av* «охота» турец.; *ver* «дать, давать», *var* «имеется, есть» гагауз.; *vār* «давать» крымскотатар.; *ver* «давать», *var* «имеется», *vur* «бить» азербайжан тілінде. Қазақ тілінде, қыпшақ тілдерінде *v* фонемасы ұшыраспайды.

Ufakla(r) yok (Ұсақ балалар жоқ. Маленьких нет).

Ufak гагауз тілінің сөздігінде «ұсақ, кішкентай» деген мағына береді, қазіргі қазақ тіліндегі *ұсақ* сөзімен мағыналас. Түркі тілдеріне тән *ufak/ұсақ* өзгерістерін фонетикалық дыбыстық алмасуларға жатқызамыз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ұсақ* сөзі: 1. Уақ, кішкене, ірі емес мағынасында; 2. Тиыннан құралған майда ақша; 3. Ұсақ мал (қой, ешкі) мағынасында жұмсалған. Ұсақ адам – біреудің мерейін көре алмайтын, іші тар кісі [15, 861 б.]. Қазақ тілінде *ufak/ұсақ* адамға қатысты айтылғанда ауыспалы мағынаға ие. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз балалар сөзінің тіркесуімен қолданылады: *ұсақ балалар, кішкентай балалар*.

Kocam gitti (Күйеуім кетті. Муж уехал.)

Koca сөзінің гагауз-орыс тілі сөздігінде: «очень старый, престарелый муж, супруг» мағынасы көрсетілген. *Күйеу* термині әртүрлі фонетикалық нұсқаларымен барлық түркі тілдерінде кездеседі: алт. *күйү*, башқ. *кейәу*, қырғ. *күйөө*, тат. *кияү*, тува *кудээ*, түр. *güvey*, т.б. Түрік тілінде *güvey* сөзімен қатар *eş*, *koca* сөздері де қолданылады. Гагауз тілінде көрініс тапқан бұл сөз қазақ тіліне парсы тілінен енген (парсыша: «*хваджа*»

خواجه

қожайын, мырза, ие) *қожа* сөзімен үндеседі [16].

Gelin evde? – Келін үйде ме?

Келін барлық қазіргі түркі тілдері үшін ортақ термин, түрлі фонетикалық нұсқалары ұшырасады. Көне түрк ескерткіштерінде *kälin* нұсқасы «жас» деген мағынада жұмсалады. Келін терминінің мағынасы барлық түркі тілдерінде бірдей: қалыңдық, келін, жаңа тұрмысқа шыққан жас келіншек.

Ufakla(r) yok mu? (Маленьких нет? Ұсақ балалар жоқ па?)

mu - түркі тілдеріне тегіс белгілі сұраулық демеулік, *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* нұсқаларында ұшырасады.

Қорытынды. Гагауз тілінің грамматикалық құрылымы өзге түркі тілдеріне тән, агглютинативті (жалғамалы) тілдер қатарына жатады. Сөздер үндестік заңдылығы негізінде түбірге қосымшалардың қосылуы арқылы жалғанады. Морфологиялық категориялар арнайы аффикстер арқылы көрініп отырады. Мәселен *-lar /-lär* аффиксі есімдерге де, етістіктерге де жалғанады, бұл оғыз тілдер тобына тән құбылыс. Алайда информант сөзінде біздің жағдайда *-lar /-lär* аффикстерінде *r* вибранты мүлде айтылмайды, сол себепті оны жақшамен көрсетуді қажет деп таптық *ufakla(r)*. А.В. Дыбоның көрсетуінше, гагауз тілінің бірқатар диалектілерінде, солтүстік шығыс Болгария гагауздары тілінде *-r*: *-la, -le, -na, -ne alyrla, verijle* сөздерінің түсуі орын алған [6, 115 б.]. Біздің ойымызша, Қазақстанға қоныс аударған гагауздардың дені көрсетілген аймақтан болуы, сол себепті туған жерінің тіл ерекшеліктерін сақтап қалуы әбден мүмкін.

Зат есімдерге септік, тәуелдік, көптік, жіктік категориялары тән. Қосымшалардың жалғану тәртібі орныққан: түбір + көптік жалғауы + тәуелдік жалғауы + септік жалғауы (мысалы: *kiyat-lar-ım-da* (кітаптарымда)). Сан есімдердің қатысуында және жақ көрсеткішіне қарай жекеше түр қолданылады: *bän orada beş at gördüm* (мен ол жерден бес ат

көрдім); burada çok insan vardı (бұл жерде көп адам болды). Тәуелдік жалғауы көпше түрде -lar /-ler аффикстері арқылы жасалады. Мәселен: bobam (менің әкем), boban (сенің әкең), (onun) bobası (оның әкесі), көпше түрде: evlerim (менің үйлерім), evlerin сенің үйлерің, (onun) evleri (оның үйлері), evlerimiz (біздің үйлеріміз), evleriniz (сіздердің үйлеріңіз), (onların) evleri (олардың үйлері).

Зат есімдердің септелуі нұсқалары түбірге байланысты жалғанатын септік жалғаулары арқылы жүзеге асырылады. Септік формалары мынадай мағыналар үстемелейді: зат пен қимыл я зат пен зат арасындағы субъектілік (субъектілік-предикаттық), тұра және жанама объектілік, меншіктік-қатыстық, мекендік, мезгілдік құралдық, көлемдік сияқты қатынастарды білдіреді. Мәселен, alma ‘алма’, almanın ‘алманы’, almaуа ‘алмаға, almaуі ‘алманы’, almada ‘алмада, almadan ‘алмадан.

Ассимиляциялық процестерге қарамастан, зерттеу аясында сауалнамаға қатысқан барлық гагауздар 100% өздерінің ана тілі ретінде гагауз тілін атаған. Аға буын (50 жас және одан жоғары) гагауз тілін отбасында пайдаланудың немесе балабақшада, бастауыш не орта мектепте (негізінен Молдавиядан қоныс аударғандар) оқудың арқасында біледі. Сұхбат барысында Көкпекті елді мекенінің тұрғыны 79 жастағы Стефанида Николаевна Виничук қатарластарының – Нина Попова (80 жас), София Михайловна Бочкова (66 жас), Валентина Васильева (64 жас), Надежда Александровна Красникова (61 жас), Анатолий Кивилоглов (69 жас), Зоя Бойкова (70 жас), Мара Дергишан (66 жас) гагауз тілін білетіндігін және сөйлейтіндігін атап көрсеткен және өз балалары да (екі ұлы мен қызы) аналарының арқасында гагауз тілін біледі екен, ал 5 немересі мен 8 шөбересі гагауз тілін білмейді (Көкпекті елді мекені, ШҚО). Бұл Қазақстандағы гагауздардың жас буыны гагауз тілін білмейтіндігін немесе нашар білетіндігін, алайда қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгергендігін көрсетеді.

Көпшілік гагауздар орыс тілді ортада тұрды және тұрып келеді, орыс тілін балабақшада, мектепте, колледжде және жоғары оқу орындарында меңгерген. Сауалнамаға қатысушы гагауздардың 93% пайызы орыс тілін барлық дерлік салада – жұмыста, үйде қолданатындығын айтқан. Сауалнамаға қатысқан гагауздардың 99 пайызы келешекте жексенбілік мектептерде, орта мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында гагауз тілін оқуға ниет танытады.

Гагауздардың 60 пайыздан астамы қазақ тілін белгілі бір деңгейде біледі. Сауалнамадағы «Ақ Орда», «Бәйтерек», «Мәжіліс», «Хабар», «әкім», «Наурыз», «наурыз көже» сөздерінің мағынасын білесіз бе? деген сауалға (Е-20 сұрақ) қатысушылардың 100 пайызы «иә» деп жауап берген [17, с.58-61]. Мұндай жауаптар Қазақстанда тұрып жатқан көп ұлтты халықтың, оның ішінде гагауздардың да қазақ тілін меңгеруі мен оған деген көзқарасын білдіреді. Толықтай алғанда, гагауздардың қазақтарға көзқарасы түзу. Қазақтың мәдениетін, дәстүрін, асханасын біледі. Қазақстанда тұрып жатқан қазақтармен, орыстармен, әзірбайжандармен, украиндармен достық қарым-қатынасқа бейім және өзге елге қоныс аударуға ниетті емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – 208 с.
2. Мошков В.А. Гагаузские тексты // Известия Общества археологии, истории и этнографии. – Казань, 1895-1896. – Т. XIII, вып. II.
3. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Изд-во восточной литературы, 1962.
4. Гайраджы Г.А., Тукан Б.П., Колке Е.К., Покровская Л.А. Гагаузско-русско-молдавский словарь. – М.: Советская Энциклопедия, 1973.
5. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка. Фонетика и морфология. – М., 1964.
6. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональные реконструкции. / Отв. редактор

Э.Р.Тенишев. – Москва: Наука, 2002. – 767 с.

7. Аманжолов А.С. О гагаузах Казахстана и их языке. Проблемы тюркологии в истории востоковедения. – Казань: Филиал АН СССР, 1963. – С.24-30.

8. Невская И.А., Тажибаева С.Ж., Шаймердинова Н.Г., Тусупов Ж., Шенинг К. Тюркский мир Казахстана: исследование языков и создание базы данных // *Global-Turk // International Journal for Information and Analytics*. – Astana: International Turkic Academy, 2016. – 33-42 p.

9. Түркі тілдері. Ұжымдық монография. / Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана, 2015. – 456 б.

10. Державин Н.С. О наименовании и этнической принадлежности гагаузов. – Советская энциклопедия. – №1. – М., 1937. – С.80-87.

11. Аманжолов А.С. Опыт изучения тюркских языков. – Астана: Фолиант, 2012. – 400с.

12. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

13. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б.

14. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 340 б.

15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

16. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы, 1982.

17. Шаймердинова Н.Г., Тажибаева С.Ж. Тюркские языки Казахстана: современное состояние // «Язык и глобализация»: Сборник статей XVI международной научно-теоретической конференции. – Алматы: КазНУ, 2013. – С.58-61.

Н.Г. Шаймердинова, Б.С. Жиёмбай, А.Е. Абдрасимова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Особенности языка гагаузской диаспоры, проживающей в Казахстане

Аннотация. В статье рассмотрены особенности языка гагаузской диаспоры, проживающей в Казахстане. Несмотря на то, что гагаузский язык веками соседствовал с неродственными ему языками, он сохранил свою первоначальную структуру, характерную для тюркских языков. На сегодняшний день гагаузский язык классифицирован как исчезающий язык. В статье рассматриваются особенности используемой алфавитной системы на основе анализа аудиозаписей речи представителей тюркских диаспор Казахстана, в том числе гагаузов, проанализированы языковые особенности, характерные для казахстанской диаспоры.

Ключевые слова: гагауз, диаспора, язык, особенности, фонетика, буква, алфавит.

N.G. Shaymerdinova, B.S. Zhiyembay, A.E. Abdrassimova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Features of the language of the Gagauz Diaspora living in Kazakhstan

Abstract. The article deals with the features of the language of the Gagauz Diaspora living in Kazakhstan. Despite the fact that the Gagauz language has been adjacent to unrelated languages for centuries, it has retained its original structure characteristic of the Turkic languages. Today Gagauz is classified as an endangered language. The article discusses the features of the alphabet system used, based on the analysis of audio recordings of speech of representatives of the Turkic diasporas of Kazakhstan, including Gagauz, analyzed the language features characteristic of the Kazakh Diaspora.

Keywords: gagauz, diaspora, language, particularity, phonetics, letter, alphabet.

References

1. Baskakov N.A. Istoriko-tipologicheskaja fonologija tjurkskih jazыkov [Historical and typological phonology of Turkic languages] (Nauka, Moscow, 1988, 208 p.).
2. Moshkov V.A. Gagauzskie tekstы [Gagauz texts], News of the Society of Archeology, History and

Ethnography, Volume 3, Issue 2 (Kazan', 1895). (In Russian)

3. Dmitriev N.K. Stroj tjurkskih jazykov [Build Turkic languages] (Publishing House of Oriental Literature, Moscow, 1962).
4. Gairadzy G.A., Tukan B.P., Kolke E.K., Pokrovskaja L.A. Gagauzsko-russko-moldavskij slovar' [Gagauz-Russian-Moldavian dictionary] (Sovetskaia Jenciklopedija, Moscow, 1973).
5. Pokrovskaja L.A. Grammatika gagauzskogo jazyka. Fonetika i morfologija [Grammar of the Gagauz language. Phonetics and morphology] (Moscow, 1964)
6. Sravnitel'no-istoricheskaja grammatika tjurkskih jazykov [Comparative historical grammar of Turkic languages] Regional'nye rekonstrukcii. Executive editor Je.R.Tenishev. (Nauka, Moskow, 2002)
7. Amanzholov A.S. O gagauzah Kazahstana i ih jazyke. Problemy tjurkologii v istorii vostokovedenija [On the Gagauz of Kazakhstan and their language. Problems of Turkic studies in the history of oriental studies] (Branch of the USSR Academy of Sciences, Kazan, 1963, p. 24-30)
8. Nevskaja I.A., Tazhibaeva S.Zh., Shajmerdinova N.G., Tusupov Zh., Shening K. Tjurkskij mir Kazahstana: issledovanie jazykov i sozdanie bazy dannyh [The Turkic world of Kazakhstan: the study of languages and the creation of a database], Global-Turk, International Jorنال for Information and Analytics (International Turkic Academy, Astana, 2016)
9. Tjurki tilderi [Turkic languages] Sh.Shajahmetov atyndagy tilderdi damytudyn respublikalyk uilestirudistemelik ortalygy (Astana, 2015, 456 p.).
10. Derzhavin N.S. O naimenovanii i jetnicheskoj prinadlezhnosti gagauzov [On the name and ethnicity of the Gagauz] Sovetskaja jenciklopedija [Soviet encyclopedia], № 1 (Moscow, 1937, p. 80-87).
11. Amanzholov A.S. Opyt izuchenija tjurkskih jazykov [Experience of study of turkic languages] (Foliant, Astana, 2012)
12. Kaidarov A., Orazov M. Tjurkitanuga kirispe [Introduction to turkology] (Arys, Almaty, 2004, 360 p.).
13. Tomanov M. Tjurki tilderinin salystymaly grammatikasy [Comparative grammar of Turkic languages] (Kazak universiteti, Almaty, 1992, 192 p.).
14. Isaev S. Kazirgi kazak tili. Morfologija [Modern Kazakh language. Morphology] (Oner, Almaty, 2007, 340 p.).
15. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Dajk-Press, Almaty, 2008)
16. Rustemov L.Z. Kazirgi kazak tilindegi arab-parsy kirme sozderi [Arabic-Persian Words in Modern Kazakh Language] (Almaty, 1982)
17. Shaimerdinova N.G., Tazhibaeva S.Zh. Tjurkskie jazyki Kazahstana: sovremennoe sostojanie [Turkic languages of Kazakhstan: modern state], Jazyk i globalizacija [Language and globalization], Collection of articles of the XVI international scientific-theoretical conference (KazNU, Almaty, 2013, p. 58-61). (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Шаймердинова Н.Ф. – түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Жиембай Б.С. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Әбдірәсімова А.Е. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shaymerdinova N.G. – Doctor of Philology, Professor of Turkology Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Zhiyembay B.S. – PhD student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Abdrassimova A.E. – PhD student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.